Әбділда ТӘЖІБАЕВ

ЖАМБЫЛ – ҰЛЫ ЗАМАННЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Жайқалған орман мен аласа дөңдер арасында, жазық даланың ағысы баяу өзендерінің көктемгі жағалауларында Россияның данышпан ақынына бір ауыздан және әр тілде қошемет керсетілген бәрімізге қымбат А.С. Пушкин жерлерінен бүкіл халықтық достық пен поэзияның эстафетасы бейнебір Қазақстанның ұланбайтақ жеріне, шыңдары мәңгі қар жамылған, өзендерінің қатты ағысы гүрілдеген асқар таулардың етегіне жеткендей болды. Үлкен карталарда белгіленбеген – өлеңді ауылға және Алматыға жеткендей болды. Мұнда біз туыстарымызбен, достарымызбен бірге ұлы Жамбыл алдында перзенттік парызымызды өтеп отырамыз.

Біздің бүгінгі мерекеміз – поэзия мерекесі. Бірақ, біз поэзияны қаншалықты сүйгенімізбен, оған, жүрек әміршісіне, қаншалықты аса зор мән бергенімізбен, бұл атаулы күндердің мәнін тек бір поэзиямен, тек бір өнермен жене тіпті бір ғана медениетпен айтып болмайды. Біздің мерекеміз – республикамыздың гүлденіп көркеюінің мерекесі. Советтік Қазақстан терезесі тең бауырлардың тату семьясында қазір металымен, машиналарымен, рудасымен, көмірімен, құнарлы жерімен, жас қалаларымен, жаппай сауаттылығымен Ғылым академиясымен, орынды мақтан етіп отырған азаматтарының жоғары мәдениетімен, білім мен творчествоның барлық салаларындағы көптеген талантгарымен даңқты. Біздің мерекеміз – халықтардың лениндік достығының гүлдену мерекесі, биылғы жылдағы ең үлкен салтанаттың – Советтік Социалистік Республикалар Одағының елу жылдығының, көп ұлтты қуатты держава мерекесі алдындағы сәтті мереке. Жамбылдың аса ғажап халық ақыны болумен қатар, еңбек жыршысы, туысқандық пен достықтың жыршысы, Совет Одағының жыршысы, сүйікті Коммунистік партияның жыршысы болғаны тамаша емес пе!

Біздің көп ұлттық семьямыздың жыршыларына деген өзара құрмет пен сүйіспеншілік мотивтері Жамбыл творчествосында өте күшті. Оның Фирдоусидің социалистік мұрагері Ғасем Лахутимен шабытты үндесуі, оның Дағыстанның қанатты ашугі Сулейман Стальскийге арнаған өлеңі еске түседі. Жамбылдың Тарас Шевченко туралы өлеңі бейне бір бүгінгі таңда жазылғандай естіледі.

Біздің ақын Пушкинге тірі жандай екі рет үн қатты. Совет заманының теңдесі жоқ ақынының жүрек нәзіктігі мен зерек ойы осы үннен айқын көрінеді. Оның қарапайым және, сонымен бірге, оңтүстіктің ыстық күні сияқты азаматтық әуенге толы өлеңдері, халықтардың туысқандығы туралы толғаулары бүгінгі таңда да біздің жасампаздық творчествомыздың шеруіндегі ақындық ұран болып естіледі.

Жамбыл отызыншы және қырқыншы жылдардың да, біздің уақытымыздың – жетпісінші жылдарының да ақыны. Өңменнен өтетін өткір, бірақ мейірімді және сәл мысқылшыл көзді, ақ сақалды дана шалдың бейнесінен, оның сабырлы және тапқыр сөздерінен, оның жас адамдарға деген әкелік ықыласынан, еңбек

сүйгіштігінен, өткендегіні өте жақсы білетіндігінен және сезімталдығынан халықтың таңдаулы қасиеттері айқын көрінеді. Бұл қасиеттер атақты күріш өсіруші Еңбек Ері Жақаевтан, тарыдан рекордты мол өнім алған шебер Шығанақ Берсиевтен де табылады. Бұл қасиеттер біздің ер жүрек диқандарымыз бен малшыларымыздан, шахтерлеріміз бен металлургтерімізден, ғалымдарымыз бен жауынгерлерімізден де табылады.

Белгілі бір аймаққа ғана мәлім болған ауыл ақынының даңқы Қазақстаннан және бүкіл елімізден тысқары жерлерге тараған бүкіл халықтық ақынға айналғаны – оның Совет дәуіріндегі өмірбаянының кереметі. Бұл – халықтың алып таланттары оянған, ұлттық өнері, ұлттық әдебиеті қалыптасқан жылдар болды. Бұлардың өсуін халық творчествосының нәрлі бұлағынсыз көз алдыңа елестетуге де болмайды. Жамбыл даңқының осылайша тез һәм кенет тарауын осы тұрғыдан түсіндіруге және түсінуге болады.

Иә, ақын біздің заманымыздікі, әйткенмен оның түпкілікті өмірбаяны сонау XIX ғасырға үңілдіреді.

Кәне, қымбатты жолдастар, қысқаша болса да Жамбыл өмірінің елеулі беттерін ақтарып көрейікші.

Абай мен Жамбылды құрдас деуге болады. Тек өткен жылы ғана біз қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ақын Абайдың 125 жылдығын атап өттік. Олар бір-бірімен кездесер де, достасар да, кейіннен жеке творчестволарымен танысар еді, бірақ олардың өмір тағдырлары мүлде басқаша болды. Абай бала кезінен тек фольклормен, Шығыс поэзиясымен шектелмей, орыстың классикалық әдебиетімен кеңінен танысты. Ол бала шағынан сауда һәм әскери-әкімшілік қаласы ғана емес, Ертіс бойындағы орыстың демократиялық мәдениетінің орталығы – Семейде болып жүрді.

Ал, Жамбылдың балалығы мен жігіттік дәурені көшпенділікпен өтті. Оның шапырашты руы Жетісудың басқа қазақтары сияқты Қоқан хандығының қарауында болып, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында ғана Верный қарамағына кірді. Сол жылдары пайда болған Верный қаласы көп уақыт бойы патшалық Россияның кішігірім соғыс қамалы ретінде қала берді.

Ақынның ертедегі өлеңдеріне қарағанда, тіпті молданың өзі тек көк шыбықпен дәріс берген, ал, бала Жамбыл оның «сабақтарынан» қашып жүргенде, Абай Ахмет Ризаның көне медресесінде парсы поэзиясының классикалық үлгілерімен кеңінен танысқан.

Бірақ, Жамбыл бала кезінен халық творчествосының кәусар бұлағынан сусындап өскен. Ол дала жыршылары мен әңгімешілерін, ертегішілерін, ертедегі аңыздарын қызыға тыңдады. Ол Ұландай шешесінің ағасы, атақты музыкант һәм композитор Қанаданның жолын қуды. Домбыра тартуды үйренді. Бала Жамбыл әкесінің рұқсатынсыз халықтың көне өнері – айтыс өнерін үйрену үшін өткен ғасырдың атақты ақыны Сүйінбайға барды. Сүйінбай өз шәкіртіне өткен замандардағы айтыстарды игермей тұрып, нағыз ақын болмайтындығын әрдайым айтып отырған.

Атақты ақын Жамбылға халық эпосын жаттатты. Жамбыл ен дүниенің ең қымбаты деп поэзияны сүйді.

«Сапарың сәтті болсын, балам, халық қуана-қуана жаттап, мәңгі есінде сақтайтын өлең тудыр, сенің өлеңіңе жекелеген адамдар ғана емес, бүкіл халық сүйсінсін. Сенің өлеңің жүректен шығып, жүректен төгілсін. Шындықты айта отырып, теңдікті жырла, біреулер жүріп өткен жолмен жүрмей, өз соқпағыңды тап, айналаңда болып жатқан уақиғаға әділ баға бер. Сенің жаның ханның қазынасынан да бай болсын».

Жамбылдың есінде, ең озық шәкірті ретінде өз домбырасын берген Сүйінбай бейнесі осылайша қалды.

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай!
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап
Қара дауыл құйындай!

Өлеңдерін Жамбыл Сүйінбай есімімен бастайтын. Ол өз ұстазын ойша болса да айтысқа шақыратын, өйткені бұл кезде Жетісуға белгілі ақынның шеберлігі осы айтыстарда өсіп, жетілген еді. Жамбылдың бар кезінде фольклорымыздың бақытына қарай, сол поэтикалық сөз жарысының бірнеше текстері, атап айтқанда, ақын қыздар – Айкүміс пен Бөлек қатысқан екі айтыс қалпына келтірілді. Осы бірнеше поэтикалық сөз жарысының ішінде Жамбылдың оған дейін ешкімнен жеңіліп көрмеген ақын «құлан аяқ» Құлмамбетпен айтысы ерекше орын алады. Арада жүз жылдай уақыт өтсе де, біз айтыстың поэтикалық шыншылдығына, өткір де шымыр сөз таласына, мінездемелердің образдылығы мен дәлдігіне сүйсінеміз.

Айтысушылар бір-бірін аямайды, тіпті айтыстың қызған кезінде «дауласып» та қалады. Бірақ, мәселе басқада – айтыстан кейін ақындар өзара сыйластығын сақтайды.

Құлмамбет жас әріптесінен жеңілді, бірақ онымен бірігіп ауылдарды аралады. Жамбыл қазақ эпосын үйренумен болды, Құлмамбеттің шабытты өлеңін де ыждаһатпен тыңдады. Кейіннен де ол дарынды Сарыбаймен, керемет білімдар Досмағамбетпен, қызыл сөздің шебері Шашубаймен кездесіп, сөз жарыстырды. Және осы айтыстарда Жамбыл үнемі жеңіп шығып отырады.

Жамбыл сөз сайысында жеңімпаз болып қана қойған жоқ. Өз әріптестерін айтылған теңеулермен таңдандырып қана қойған жоқ, ол айтыстың бұрынғы дәстүрінде кездесетін адамның дене мүшесіндегі кемшілікті де күлкі-әжуа ететін бір қақпай эпиграммаларды да қолданған жоқ, біздің шыншыл да, данышпан Жәкең одан биік тұрады. Айтыстарда ол әрдайым өз халқының жақсы қасиеттерін, батырлар мен халық бақыты үшін күрескерлерді мадақтады.

Айтыс тыңдаушылардың көз алдында үйреншікті арнасынан өзгеріп отырады. Жаңадан эпикалық поэма туады, тек осылайша «Сұраншы батыр», осылайша «Өтеген батыр» дүниеге келген болар-ау. Осыған орай Қазақстанның филолог-ғалымдары алдында Жамбыл творчествосында эпикалық поэма

жанрының қалыптасу негіздерін зерттеу проблемасы тұрғанын айта кеткім келеді. Осылай, күресте халықпен қоян-қолтық араласа жүріп Жамбыл өсе береді. Ол бүкіл Қазақстанға кеңінен тараған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысынан қалыс қалған жок. Жамбылдың бауырлары, Жамбылдың достары, Жамбылдың өлеңдері Бекболат батыр бастаған көтерілісшілермен бір сапта болды. Дәл осы кезде патшалық озбыр әкімшілік басы Жамбыл болған тоғыз ақынды түрмеге жапты.

Түрме, өмірдің қиыншылықтары және жақындап қалған кәрілік өз дегенін істеді. Жамбыл төсек тартып, көзі бұлдырады, өзін енді ешқашан да жаңа өлең тудыра алмайтын, қаусаған шалмын деп ойлады. Бірақ, керемет өзгеріс болды. Бұл керемет қазақ даласындағы Ұлы Октябрьдің жеңісімен ұштасты. Жамбылдың өмірбаянынан қысқаша үзінді келтірейік: «Мен 75 жасқа шыққанда, - деп есіне алған еді ол, - бойыма жаңа күш қосылғанын сездім. Мен төсектен тұрдым, таяқты тастап, қолыма домбыра алдым, жанарым ашылып, көзім оттай жанды, дауысым қатайып, күшім қайнады. Маған жастық жігер қайтып оралғанын сезіп, мен өлең айттым. Айнала төңірекке көз тастап, өз даламды танымай қалдым. Сол кезден бастап мен қайтадан атқа мініп, ауыл-ауылды араладым, жаңа өмірді жырладым. Мен халықпен бірге болдым».

Бүкіл Қазақстан, содан кейін бүкіл совет елі ақ сақалды Жамбылды білді. Оның домбырасы барған сайын әсем күмбірлеп, қарт ақынның поэзиясы батыл түрде ұлт шеңберінен асты. 1936 жылғы май айында «Правданың» беттерінде Жамбылдың «Туған елім» деген поэмасы жарияланып, бұл поэма ақынның есімін сан миллиондаған оқушыға мәлім етті. Ақынды бүкіл халық таныды.

Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы сіңірген еңбегі мүлдем ерекше. Оның соғыс тақырыбына жазған өлеңдері бүкіл халық жүрегінің тынысы, ақ сақалды дана әкенің сөзі ретінде естіледі. Ақынның майданға жолдаған хаттарының арасында Москва, Сталинград, Воронеж қаһармандарына, совет гвардияшыларына, шын мәнінде, бүкіл халықтық ұранға айналған «Ленинградтық өрендерім!» деген өлеңі ерекше орын алады.

Жауынгер жазушы, Қызыл Флот теңізшісі Всеволод Вишневский Жамбылдың нақ осы өлеңі туралы шабыттана былай дейді: «Ленинградтың ең ауыр күндерінде 1941 жылғы күзде қадірменді Жамбыл бізге, қаланы қорғаушыларға арнап: «Ленинградтық өрендерім», – деп шабытты үндеу айтты. Біз бұл хатты көзімізге жас алмай, қуанышты толғаныс сезімінсіз оқи алмадық. Біз хаттың күшті, қосымша резервтей бағалы екенін сездік. Қазақстанның халқы бізге туысқандық сәлем, сүйіспеншілік пен достық жолдады, біз еселеген күшпен шайқасқа аттандық[1].

Ақынның жасы жүзге жақындап қалған еді, бірақ ол совет елінің бүкіл ерлік тылындай жұмыс істеді. Бәрі де – Қарағанды шахтерлерінің үздіксіз вахтасы да, Қазақстан малшыларының қажымас еңбегі де, әкелік қамқорлық та, ана қайғысы да оның назарынан тыс қалған емес. Ол сталинградтық жауынгерлерге өлеңдерін жіберіп қана қойған жоқ, оның баласы Алғадай Волга қамалын қорғап, шайқаста қаза тапты. «Алғадай туралы ой» деген өлеңді қазір, отыз жылдай уақыт өткен соң да толғаныссыз оқу мүмкін емес:

[1] «Литературная газета», 1946, 6 августа.



Д.А. Қонаев Жамбылдың 125 жылдық мерекесіне қатысқан бір топ халық ақындары арасында (10 июнь, 1972 ж.).

Алғадай ылғи алда бол!
Аянған адам болмақ қор.
Бәйгеге барып тігемін,
Сендерге арнап осы жол,
Достарыңа осыны айт,
Жауларыңды жеңіп қайт,
Айтарым арнап саған сол!

Жамбыл жеңіс күніне тірі жетті, бірақ ол өзінің жүз жылдығына жете алмады. Ол 1945 жылғы 9 майда жеңіс шаттығына өз үнін қосу үшін ауруханадан хат жіберді. Ол бүкіл халықтық күш тапты, бірақ оның әлсіреген қолдары өмірінің адал серігі – домбыраны ұстай алмады.

Жамбыл 1945 жылғы 22 июньде қайтыс болды, ал келесі жылы бүкіл еліміз ұлы ақынды қастерлеп еске алды.

Жамбыл Қазақстан ақындары мен жазушыларының арасында өзінің туған халқын, өз республикасын бірінші болып әлемге кеңінен танытты және өзі де бүкіл одақтық, дүние жүзілік көлемде бірінші болып танылды.

Әрине, мен өз тыңдаушыларымды мысал келтіріп уақытын алғым келмейді. Бірақ, бүгінгі мәртебелі жиналыста Достоевскийдің Россияның ұлттық данышпаны туралы айтқан мына сөзін келтіре кеткім келеді: «Пушкин, көп ғасырлық құлдыққа қарамастан, орыс адамы құл болмады, ешқашан да болған емес деп бірінші рет жариялады». Сол сияқты Жамбылдың сөзі де Совет Одағы

мен шетелдегі біздің азаматтық кемелденуіміздің, қазақ жанының сұлулығының, қазақ өлеңінің кеңдігінің айғағындай тез тарап кетті.

«Халық ақыны – халықтың дәстүрлерін сақтаушы ретіндегі зор талант, - деп жазды Леонид Соболев, - онын советтік айқын дүние танымы қазақ әдебиетінің екі ағынын: ескідегі ауызекі поэзия мен казіргі кездегі профессионал поэзияны біртұтас етіп біріктіре алады. Жамбыл совет елінің барлық халықтарына жақын, әрі сүйікті болды. Оны Ғасем Лахути шабытты өлеңдерімен құттықтады:

Тыңдайды сен сөйлессең құлақ салып,
Күй күйлер басқа бақта тұрған бұлбұл.
Ынтығып өлеңіңді сағынады,
Қазақтың бұлбұл құсы ақын Жамбыл.

Микола Бажан былай дейді: «Ол өзінің әрбір ойымен, әрбір сөзімен халықтарымызға мәңгілік қызмет етуге үйрете отырып, бізді сөнбеуге, өлмеуге үйретеді». Өзбектің халық жыршысы Фазыл Юлдашев Жамбылға тамаша өлең жолдарын арнап, ақынның таланты алдында бас иетінін айтады.

Біздің шетелдік достарымыз Жамбыл туралы зор құрметпен және шынайы сүйіспеншілікпен пікір айтты, Жамбылдың творчестволық қызметінің 75 жылдығын тойлау күндерінде Ромен Роллан былай деп жазды: «Батыс Альпі жүрегінен Қазақстан даласының жүрегіне, өзінің қазақ халқының және жаңа адамзаттың жыршысына – Жамбылға туысқандық сәлем».

Қарт пролетар жазушысы Мартин Андерсен Нексенің айтқаны Ромен Ролланның сөзімен үндеседі. «Сіз көшпенділердің өмірінен осы заманғы адамның, еркін совет азаматының өміріне мыңдаған жылғы мәдениеттің көпірін салдыңыз. Осы орасан зор кезең ішінде Сіз өмірлік бай тәжірибе жинақтап, оны күрес поэзиясында қолдандыңыз. Ескі дастандардағы бардылар сияқты, Сіз өз өлеңдеріңізбен күрескерлеріңізді рухтандырдыңыз. Сіз бақытты адамсыз. Сіз көшпенділер өмірінен совет өміріне дейінгі мәдениеттің дамуын көзіңізбен көрдіңіз, сөйтіп Сіздің жүрегіңіз ешқашан да қартайған жок, әрқашан да батыл жігіттің жас жүрегі күйінде қалды». Осы жарқын сөздерге басқа да пікірлер қосуға болар еді, бірақ, олардың бәрі көрініске жаңа суреттемелер қосады, бірақ оның мәнін өзгертпейді.

Мен Жамбыл жайында бұған дейін айттым: өмір сүрді, толғаулар, эпикалық поэмалар шығарды, айтыстарда жеңді. Ал, Жамбылдың жоғарғы мәні сол – ол бүгін де бізбен бірге, ол біз үшін өнерге ерлікпен қызмет етудің мәңгі жасайтын үлгісі болып отыр. Ұлы ақынның поэзиясы – өзінің мәні жағынан нағыз азаматтық поэзия.

Жамбыл біз үшін азаматтық борышты өтеудің эталоны ғана емес, ол сонымен бірге ақындық жоғары шеберліктің, мөлдір айқындықтың, жарқын бейнеліліктің және дана қарапайымдылықтың үлгісі. Халық поэзиясы қандай қанатты болса, оның өлеңдері де сондай қанатты. Оның өлеңдерінде лирика публицистикалық шабытпен, романтика әзілмен ұштасып отырады.

Жамбыл қуана да, ашулана да алады, жауға өткір сөзін түйрей де, досын ойламаған қалжыңмен күлдіре де алады.

Жамбыл – суырып салма өлең айтудың да, толғау өлең, қысқа эпиграмма, эпикалық поэма шығарудың да шебері.

Оның ірі шығармаларының арасынан «Өтеген батырды» да, «Сұраншы батырды» да, «Заман ағымын» да, Ұлы Октябрьдің он жылдығына арнап жазған поэмасын да атауға болады. Ол табиғат көріністерін, әсіресе, дала көрінісін, Алатау бөктерінің бейнесін, дала мен тау шыңдарын асқан шеберлікпен, өнермен бейнелеген.

Жамбыл – суырып салма ақын. Ол өлеңдерін қағаз бетіне жазған жоқ, домбырасының күмбіріне қосылып шығаратын. Қазақстанның және тамаша достықпен байланысты болған Қырғызстанның өткен ғасырдағы халық творчествосын оның өте тамаша білетіндігіне біз таңдануға тиіспіз. Ол «Манастың» тұтас бөлімдерін, өткендегі ақындар мен замандастарының көптеген өлеңдерін жатқа айтатын.

Осы тұста сіздер маған өткен күндерге аздаған шегініс жасауыма рұқсат етіңіздер. Менің шешем, ақын Айманкүл, Жамбыл өлеңдерін біліп, сүйе тұра, өзінің өлеңдерін де қарт ақынға арнады, мен сол үшін бақыттымын. Бірнеше жыл бойына Жамбылмен бірге жұмыс істеуіме, оның әдеби секретары болуыма тура келді. Ол кез шын ықыласты, қызу жүректі, айқын және зерек ойлы, естіген-көргенін ұмытпайтын, мейірімді адаммен терең, әрі тағлым аларлық қатынас жасаған кез болды.

Нақ сол кезде мен ақынның айтуы бойынша, оның жиырма алты өлеңін, соның ішінде атақты «Туған елімді» жазып алдым. Жамбылдың бүкіл одақтық атаққа ие болуы осы өлеңнен басталған еді.

Өткен күндерге қарап, өзімді бақытты санаймын, неге десеңіз сол июнь айының қаралы күндерінде, оның ақырғы демі үзілгенше қасында бірге болған, сол кездегі ақынның жас достарының бірі болдым.

Мен Жамбыл қайтыс болғаннан кейін көп кешікпей орыс досым Николай Погодинмен бірге көркем фильмнің сценарийін жазу бақытына ие болдым, онда біз, әсіресе, талантты актер Шәкен Аймановпен бірге ақынның қайталанбас бейнесін экранда көрсетуге тырыстық.

Мен өзім бір бөлімі «Қазақ әдебиеті» газетінде таяуда ғана жарияланған поэмамды аяқтағанымды мақтан етем: ұлы заманның ұлы ақынын тойлап отырған кезде, мынадай сәулетті Ленин атындағы халық сарайы трибунасында тұрғанымды және сіздердің бәріңізбен бірге бүкіл халықтық достық мерекесіне қатысқанымды мақтан етем!